

Май ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 27 ақпандағы № 43/2 "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Май ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 235/9 қаулысы

Май ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 Заңына бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереже, Павлодар облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 244/3 "Туризм саласындағы функцияларды беру туралы" қаулысына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023 жылғы 27 ақпандағы № 43/2 "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының қосымшасының 1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ) ауданының аумағында мәдениет, дене шынықтыру, спорт және туризм саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады."

2) 16 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ мақсаты Май ауданында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын және мәдениет, дене шынықтыру, спорт және туризм салаларындағы жалпы дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу болып табылады."

3) 17 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. "Май ауданының мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ қызметінің нысанасы мәдениет, дене шынықтыру, спорт және туризм салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру."

3) 18 тармаққа б) тармақша толықтырылсын:

"б) Май ауданының аумағында туризмді дамыту үшін жағдайлар жасау."

4) 20- тармаққа 29) тармақша толықтырылсын:

"29) Ауданда туризм кластерін дамытуға қатысу."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Май ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Сатиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК